

Алматы технологиялық университеті
Тағамдық биотехнология кафедрасы

ПӘН «Биоэтика және тағам биотехнологиясындағы қауіпсіздік негіздері»

Дәріскер: Алибаева Бахыт Насихатқызы

Дәріс № 3

Тақырыбы: *Әмбебап этикалық қағидалар мен биоэтиканың ережелері* Жоспары

1. Әмбебап этикалық қағидалар: жеке тұлға және оған деген құрмет, әділдік, адамдық қадір-қасиетін құрметтеу, біртұтастығы мен осалдығы.
2. Биоэтиканың ережелері: ақпараттық келісім, еріктілік, шындық, жеке өмірге араласпау, құпиялылық, сақтық.
3. Биоэтикадағы жоғарғы моралды құндылықтар: «жақсылық және жамандық», «қиналу және жанашырлық», эмпатия, еркін және моралды жауапкершілік, қателік пен тәуекел ету құқығы, дәрігерлік борыш.
4. Биоэтикалық мәселелерді шешу жолдары: принципіалды, казуистикалық, институционалдық- ұйымдастырушылық.
5. Дәрістің негізгі терминдері, қолданылатын әдебиеттер мен электронды ресурстар

Биомедициналық этиканың қағидалары:

Жеке тұлғаны сыйлау принципі адам құндылығын жоғары бағалап, адам өз өміріне және денсаулығына қатысты еркін таңдауы болу керек. (емделу орталығын, емдейтін дәрігерін таңдау, емделуге келісім беру немесе бас тарту т.б.). Емделушінің таңдауы дәрігердің ойымен бір жерден шығу керек. Таңдау жасауда ешқандай қысым көрсетілмеу керек. Дәрігер мен емделушінің шешімі бір бірімен сөйлесе отырып шешілу керек. Кейде емделуші толық дұрыс шешім қабылдай алмауы мүмкін, мысалы, балалар, **денсаулығына байланысты адамдар (жүйке жүйесі ауыратын адамдар және т.б.)**. Мұндай жағдайда олардың жақын туыстары, асыраушылары шешімді қабылдайды.

- **Әділділік принципі** емделушіге көмек көрсету кезінде оның жасына, жынысына, ұлтына, әлеуметтік және материалдық жағдайына, дініне мән бермеу керек.
- –**адами құндылығын сыйлау принципі**, физикалық немесе психалық жағдайына байланысты өзінің ойын айту мүмкіндігі болмауына қарамастан барлық адамдарды сыйлау принципі;
- –**біртұтастылық принципі**, адамның физикалық және психикалық жағдайының біртұтастылығы;
- –**осалдылық принципі**, әрбір адам өмірінің соңына дейін қажетті қорғау көрсету (кедейлерге, жартылай сауатты адамдарға, балаларға, мүгедектерге).

Биоэтиканың ережелері :

- Кез келген медициналық араласу немесе медико-биологиялық зертеулерді жүргізу емделушінің немесе зерттелушінің **келісімімен** жүргізіледі. Емделуші өзінің денсаулығы, тексеру қорытындысы, ауру диагнозы мен болжамдары, жүргізілетін орта және оның ұзақтығы, қиыншылықтар, ыңғайсыздық тудыратын жағдайлар(күсу, жүрек айну, ауырсыну, қышыну т.б), өміріне төнетін қауіптер, емделуге және оңалтуға байланысты болатын қаржылай шығындар туралы толық ақпарат алуы керек.
- **Медициналық араласуды немесе медико-биологиялық зертеулерді жүргізгенде емделушінің келісін алу ережесі ҚР «Денсаулық сақтау және қамтамасыз ету кепілдігі аумағындағы міндеттер мен құқықтары» кодексінің 16 тарауында (статья 91) ҚР заңы 18.09.2009ж., № 193-IV(өзгерістермен толықтырулар енгізілді 19.05.2015 ж.) жазылған. Шындықты жеткізу ережесі дұрыс жүргізілу керек, психикалық және жас ерекшелігіне қарай, зиян келтірмей түсінікті түрде денсаулығына байланысты ақпаратты айту керек.**

Биоэтиканың ережелері :

- **Құпиялылық ережесі дәрігерлік құпияны сақтауға ұсынады.**
Құпиялылыққа жататындар: медициналық көмекке жүгіну туралы ақпарат, денсаулығы туралы мәліметтер, дәрігердің емдеу барысында емделуші туралы болжамдарымен тексеру қорытындысы туралы мәліметтер. Бұл ақпарат емделушінің рұқсатымен ғана үшінші адамға айтылады.
- **Құпиялылық ережесі көптеген этикалық кодекстерде Гиппократ антынан бастап, және ҚР«Денсаулық құқықтары мен міндеттері және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету » (95 статья) - 18.09.2009ж Қазақстан Республикасының Заңы, (19.05.2015ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Кодексінің 16-тарауына бекітілген.**

Биоэтиканың ережелері :

- **Шындықты жеткізу ережесі дұрыс жүргізілу керек, психикалық және жас ерекшелігіне қарай, зиян келтірмей түсінікті түрде денсаулығына байланысты ақпаратты айту керек.**

Емделуші медициналық қызметкерлерге шындықты айту керек. Ауруы туралы жасырмай айтылса, оған дұрыс диагноз қойылып, ешқандай қиыншылықтар туындамайды.

- **Жеке тұлғаның өміріне бас сұқпау ережесі, медициналық қызметкерлерге емделушінің келісімінсіз, оның жеке өміріне қатысты ақпаратты жинауға, таратуға тыйым салады.**
- Соңғы кездерде биоэтикадағы жиі айтылатын мәселелердің бірі **сақтық ережесі** болып табылады. Сақтық ережесі «зиян келтірме» деген талап бойынша жүргізіледі.

МЕДИЦИНАДАҒЫ ЖОҒАРЫ МОРАЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

Жақсылық пен жамандық этикалық білімдегі басты категорияға жатады. Жақсылық ұғымында рухани биік және моралды жетілген адамның іс шарасы айтылады. Медицинада жақсылық жасау дәрігерді адам денсаулығын ойлаумен бірге өмірін сақтауға бағыттайды. Медицинадағы адамгершілік еркіндігі дәрігерге дұрыс шешім қабылдауға, ауру адамға көмек көрсетуге ұмтылуға, жаңа білім мен әдістерді қолдануға, өзінің жұмысына адамгершілік тұрғысынан баға беруге мүмкіндік береді.

Еркіндікті жүзеге асыру моралды жауапкершілікпен, яғни адамның өз жасаған іс әрекеттеріне жауап берумен байланысты болады. Дәрігер емделушінің физикалық және ішкі қайғысын сезеді. Сондықтан медициналық маман аяушылық, қайғыру, басқа адамға жаны ашу, оған көмектесуге ұмтылу, мейірімділік, қамқорлық, сүйіспеншілік секілді құндылықтарға ие болады.

МЕДИЦИНАДАҒЫ ЖОҒАРЫ МОРАЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

Эмпатия – басқа адамның қайғысына, әсіресе ауру адамдарға эмоционалды көмек көрсету. Ауру адамды дәрігер немесе медбике мұқият тыңдап, қайғысына ортақтасу, оған ішкі жан дүниесіндегі қайғысын айтуға мүмкіндік беру. **Дәрігер еркіндігі** дегеніміз қызметіне байланысты адал қағидалары. Адамгершілік еркіндігі жауапкершілікпен, дұрыс шешім қабылдаумен таңдау еркіндігі болып табылады. **Моралды жауапкершілік** – адамның өз іс әрекеттеріне және одан кейінгі жағдайларға дайындығы, ойлауы, жауап беруі. Дәрігер үшін медициналық этиканың басты «зиян тигізбеу» қағидасын ұстану керек. Дәрігер өзінің еркіндік құқығын, іс әрекетінің еркіндігін, күнделікті өмірде қолдана отырып, **тәуекел етуге** құқылы. **Дәрігерлік тәуекелдік** – төтенше медициналық немесе ғылыми-зерттеу жағдайларында саналы түрде жауапты таңдау мен шешімнің қажеттілігі болып табылады. Еркіндік пен жауапкершілік дәрігерлік қызметте адам өмірімен денсаулығын сақтауда өзінің **кәсіби жауапкершілігімен** тығыз байланысты.

Биоэтикалық мәселерді шешу жолдары :

- 2005ж қазан айында ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы биоэтика және адам құқықтары жөніндегі жалпы декларациясын қабылдады. Декларация медицинаға, өмір ғылымдары мен соған қатысты технологиялар туралы этикалық сұрақтарды қозғады. Осы саладағы адамдық қадір-қасиетін, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу туралы 15 қағиданы бекітті. Оның ішінде:
- **принципалды, емделуші үшін жоғары адамгершілік құндылықтар мен биоэтикалық қағидаларды сақтау;**
- **казуистикалық, «мәңгілік» этикалық мәселелер, сонымен қатар, биотехнологияның қарқынды дамуымен байланысты нақты жағдайлар, гендік инженерия және т.б., қазіргі заманғы медицинадағы жағдайлардың өзгермелілігі; науқасты тануға негізделген**
- **институционалды-ұйымдастырушылық, халықтың денсаулығын қамтамасыз ету үшін жүйенің негізгі халықаралық қоғамдық, ғылыми және медициналық қоғамдастықтың үлкен ықпалына негізделген.**

Қорытынды:

Ресейдің биоэтика саласындағы маманы Б.Г. Юдин Европа мен Америкада биоэтиканың ары қарай дамуын осы тәсілдер анықтайды деп ойлайды. АҚШ-та орын алған принципализмге қарамастан, ол Батыс Еуропада көп таралған болып табылады. Америкалық модель жеке дәрігермен емделушінің өзара іс-әрекеттеріне бағытталған болса, ал Еуропалық көп «әлеуметтендірілген» сипатта болып табылады. Қазақстанда биоэтиканың концепциясы әмбебап қағидалардан тұрады: «америкалық» және «европалық». ҚР отандық биоэтиканың ерекшелігі, дәрігерлер мен зерттеушілердің қызметіне бірлестіктерді талап етеді және біздің шығыс мәдениетіміздің рухани дәстүрлеріне сай интеграциялық тәсілден тұрады.– медико биологиялық зерттеулерде эксперимент ретінде сыналатын адамдардың құқығын, қауіпсіздігін, қадір қасиетін, амандығын қорғауды қамтамасыз ету.

Дәрістің басты терминдері:

1. Жеке тұлғаны
2. Әділділік принципі
3. Біртұтастық принципі
4. Осалдылық принципі
5. Ақпараттық келісімін алу
6. Жеке тұлғаның өміріне бас сұқпау ережесі
7. Құпиялылық ережесі
8. Сақтық ережесі
9. Жақсылық пен жамандық
10. Эмпатия
11. Принципалиалды
12. Казуистикалық
13. Институционалды-ұйымдастырушылық

Әдебиеттер мен электронды ресурстар:

- 1 . Лопатин П. В. Биоэтика : учебник / П. В. Лопатин, О. В. Карташова. - 4-е изд., перераб. и доп. - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2011. - 272 с.
2. Хрусталеv Ю.М. Биоэтика философия сохранения жизни и сбережения здоровья. - М. Изд. ГЭОТАР-МЕДИА, 2011.
3. Этика [Электронный ресурс] : учебник для бакалавров / А. А. Гусейнов [и др.]. - Электрон. текстовые дан. - Москва : Юрайт, 2015. - 569 с. ; 12 см. - (Бакалавр. Углубленный курс). - CD-ROM. Электрон. версия печ. публикации . - ISBN 978-5-9916-2385-8 (в кор.) : Б. ц. Электронная копия учебника
- 4.<http://dic.academic.ru/> Словари и энциклопедии на Академике.
- 5.<http://library.bsu.edu.ru/Resource/> Ресурсы Корпоративной библиотечной системы БелГУ.

Бақылау сұрақтар:

- **1. Негізгі биомедициналық қағидаларды атаңыз**
- **2. Биоэтиканың негізгі ережелерін атаңыз, оларға түсініктеме беріңіз.**
- **3. Биоэтикалық мәселерді шешу жолдарың атаңыз**

Дәріскер: Алібаева Бахыт Насихатқызы

Назарларыңызға рахмет